

Әл-Фараби Атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Жоғарғы медицина мектебі
Іргелі медицина кафедрасы
Білім беру бағдарламасы
B086 – «Жалпы медицина»

«Молекуладан жасушаға дейін» пәні бойынша
СӨЖ тапсырмалары, оларды орындау кестесі және нұсқаулық

№	СӨЖ тапсырмалары	СӨЖ іске асыру түрі	СӨЖ өткізу уақыты (оқу аптасы)	Бағасы
1	«Жасуша биологиясындағы зерттеу әдістері» тақырыбы бойынша интеграцияланған лектік кейс-стади.	Лектік кейс-стади	6 апта	7
2	«Жасуша биологиясының заманауи тенденциялары» - Пленарлық конференция. Курс аясында жасушалық медицина саласындағы жетістіктерді көрсететін ғылыми мақаланы таңдаңыз, сұрақтың тұжырымдалуына, мақаланың құрылымына назар аударыңыз, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларды мұқият зерттеңіз. Таңдалған мақала бойынша қысқаша тезис және презентация-баяндама дайындаңыз. Слайдтарды және ғылыми баяндаманы дұрыс құрастыру принциптерін ескеріңіз.	Жоба презентация түрінде, әр топта 2-3 студенттен.	14 апта	7

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) - оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес сабақтан тыс уақытта өздігінен орындайтын студенттердің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары. СӨЖ оқу материалын сіңіруге ғана емес, сонымен бірге жалпы білім беру, шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді. СӨЖ орындау үшін, курста ұсынылған оқу әдебиеттері, ақпарат көздері сонымен қатар өз бетінше табылған әдебиеттер қолданылады. СӨЖ қатаң кесте бойынша қабылданады.